

Бәлду, бәлду, Төлен!..

Бұдан үш жыл, екі жыл, тым құрса бірер жыл бұрын жазсам керек еді. Әрқилы, мәнді-мәнсіз, қым-қуыт жұмыстан қол тимепті. Қалт еткен бір мезетте және тартынғаным бар – мүлде қажеті жоқ деп. Қайрыла қарасам, қажет екен. Ақталу, арылу үшін. Оның үстіне, әлдекім емес, Төлен Әбдік – қатар жасасқан, ешқашан аралық ажырап, алалық тумаған ескі достың өзі осыншама мән беріп, екі, әлде үш мәрте ақпарат кеңістігіне шығарған, енді, тәрізі, кезекті кітабына, одан соңғы көптомдық жинағына еруге тиіс атаулы лепес; соншама қызу, екпінді, найзаның ұшын нық қадап, айрықша сеніммен, өктем айтылған жүрекжарды толғамды мүлде елеусіз тастау – бар салмақты бізде қалдырса керек және кейінгі балалар үшін теріс үлгі танылмағы тағы бар.

Қазіргі жаппай, әрі шексіз коммуникация заманында алыс жер бар да, шалғай, жабық ақпарат жоқ. Жұмыс қажетімен, немесе ерігіп отырып, интернетті ақтарасың. Дүниенің арғы-бергі даналығы тұнып тұр, бүгінгі, сан тарап сұмдықтар мен күнделікті, шым-шытырық әрқилы оқиғалар және ыбырсып жатыр. Әлбетте, арттағы ел-жұртыңның ендігі ахуалы, оның ішінде рухани өмір, туған әдебиетке қатысты жазбалар шығып жатса құба-құп. Міне, осындай кездейсоқ, мақсатты-мақсатсыз сапыру кезінде көзге шалынып еді. Иә, әуелгі лепес – бұдан үш жыл бұрын. «Әдеби портал» атты жаңа сайттан ұшырасты. «Жазушы Төлен Әбдіктің «Бас-Алқа» әдеби клубының алғашқы отырысында айтқан ой-пікірі» – 19.IV.2017. Оның ішінде, бізге тікелей қатысты, «Тарихи роман туралы» төтенше толғамдар. Мінекиіңіз, ең мәйекті үзігі:

«Тарихи тақырып жазушының мүмкіндігін шектейді,» – депті Төкен, мағналы кеңеске келіп, ақсақал қаламгерді қаумалап отырған, көпшілігі жас-өрім кейінгі толқынға арнаған ұлағатты сөзінде. Неге десеңіз: «Жазушы алдымен адамның жанына үңілуі керек. Адамның ішкі драмасын көрсету керек. Ол жолда үлкен қиялдың құрбаны боласың. Адам жанына қалай үңілу керегін Достоевский көрсетті ғой. Тарихи тақырыпта хронологиядан аспайсың. Кейіпкер қай жылы қайда барды, не істеді, тек қана тарихтың ізімен жүріп отыру керек. Одан кейін күллі әлемнің драмасы, психологиясы далада қалып қояды...»

Біздің байыбымыз басқаша. Әйткенмен, әліптің таяқ екенін айтып, мыжыңдау қажетсіз. Оның үстінде, бұдан әрі күмәнсіз, хақиқат мәселелер қозғалған.

«...Күллі әлемнің драмасы, психологиясы далада қалып қояды. Мысалы, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» романында Ораз-Мұхаммедтің өлімі туралы бар. Роман басынан бастап, Ораз-Мұхаммедтің өліміне дейін хронологиялық ретпен баяндалып отырады. Соңында өзінің туған жиені оған сатқындық жасап, өлтіреді (Оны кейбір документтерде баласы деп те айтады). Мысалы, көркем шығармада тарихтың жолын ғана қуып отыру керек деген принцип болмай, Шекспирдің жазғаны секілді таза көркем әдебиетке жүгінсек, осы драмаға жетіп жатыр. Кішкентайынан қолында өсіріп, арқасына салып мәпелеген бала түбінде

Ораз-Мұхамедтің өліміне себепші болады. Трагедия ғой. Шекспир болса, осылай ғана жазатын еді. Ал, біз болсақ, туған күнінен бастап, бір оқиғаны қалдырмай жазамыз...»

Ой, жарайсың, Төке! «Қысқа, әрі нұсқа» дейді ғой мұндайда біздің жүйрік журналистер. Және «шындықты шырылдатып айтқан» дейді. Түйсіксіз біреу болмасаң, қандай да даудың қисыны жоқ. Бұлтара алмайсың. Бәрі тап-тұп, өз орнында тұр.

Уа, Төлен! Шын дос екенсің. «Жылатып айтады» дейді ғой. Бірақ біз жылай алмадық. Уақыты өтіп кеткен. Қажетті кезінде тартынып қалыпсың. «Аласапыран» басталмай тұрған, күнделікті қатынасып, өзара қонақтасып, сенің күйіңді тыңдап, бар тарапта еркін кеңес құрып жүрген кезде айту керек еді. Бұдан қырық жыл бұрын. Одан беріде... өзімізше әжептәуір серпіліп, қаншама ай, күн, тынымсыз тыпырдан соң жазып бітірдік, бір емес, екі кітапты қатарынан. Жазып, бітіріп қана қоймай, жарияға шығардық. Мұнымен де тоқтамай, осы қырық жыл орайында алты, әлде жеті мәрте қайыра бастырдық, оның ішінде Алматы тұрыпты, бір тарабы Мәскеу, екінші тарабы – Бежін, тіпті, Берлинге ат ізін салыппыз. Енді өткенге опынғанмен, ешқандай шара жоқ, бұл шалағай «Аласапыран» үш тарапқа бірдей таралып кеткен. Мың сан тиражды қайыра жинатып, баяғы совет заманындағы жоралғы бойынша, өртеп, турап, суға ағызып, біржола құрта алмайсың. Ең бір өкініштісі, сен уақтылы ескертсең, мына біз жан қинап, соншама азаптанбай, сен айтқан түйінді түспен ғана шектелер едік. Қазақта бұрын болмаған ғаламат драма. Шекспирмен шендесіп, сенің өзіңнің әлдебір пьесаларыңа жетекабыл, керемет трагедия жазып тастайтын едік. Амал не. Біздікі – білместік, асығыстық болса, сенің осыншама ақ-адал пікіріңді іркіп қалуың – арамдық демейін, адалдықтан да тыс, ұнамсыз бір жағдаят болды. Иә, пендешілік. Бәлкім, қазір өзің де өкініп отырған шығарсың. Бірақ бұдан бізге келетін жеңілдік жоқ.

Әйткенмен, ежелгі досқа өкпе арту орынсыз. Асықпай, байсал қарасам, өзімнің де басым жетіп қалуы мүмкін екен. Шалағай долаңдық. Шекспирді біз де оқыдық қой. Бұрнағыны қойғанда, анау бір жылдары академиялық сегіз томдығының екі комплектін қатарынан түсіріп едім, біреуі Алматыда қалды, екіншісі Америкаға жетіп, қазіргі жұмыс кітапханамда тұр. Төленнің талдауынан соң тағы да көз салдым. Түзелмес қате жасаппыз. Енді тым кеш. Талайсыз диалогия біржола мансұқ болып, шағын, бірақ ұтымды трагедияға айналмағы – өтіп кеткен ғапыл іс. Басқа да ғапыл, өкінішті, қайта түзелмес кінәрат көп екен. Мәселенки... «Аласапыранмен» келген қыруар қаламақы. Бар қажетімізді өтеді, алас-күлес заманда ең соңғы жұқанасына Райымбек-Ата ауылынан бес бөлмелік, ақ шатырлы үй сатып алып едік, жиырма сотық жерімен, қазір немерелер тұрып жатыр; жаман кітап жазсаң да, ұрланбаған, жырланбаған адал ақша, енді өртеп жібере алмайсың ғой. Бұдан да қиыны... осы «Аласапыранның» арқасында алған Мемлекеттік сыйлық, «Халық жазушысы», тағы басқа орынсыз атақтар да кері қайрылмайды,

өкінсең де өзіңмен бірге кетеді. Бас тартып жатсаң, өткендегі, өзіңше әжептәуір романыңды да теріске шығарғаның.

Құрметті Төке! Осының бәрін түйсіне отыра, сенің бар сөзіңнің ақиқат шындығын мойындаймын, ақ-адал пікіріңе ризашылық білдірем. Көріп отырсың, өтіп кеткен істі түзету мүмкін емес, сондықтан мына сенен, және осы сараптамаға жақтас жалпы жұрттан көп-көп кешірім сұраймын.

Қайталап айтайын, «Аласапыран» мен Шекспир туралы барлық пікіріңмен келісем. Әділет жөні. Амалсыздан. Бірақ мұнымен тоқтамапсың. Бізге қатысты, ең соңғы, айнымас үкімнен соң, арада екі жыл өткенде, және бір жиында тағы бір кептің шетін шығарыпсың («Әдеби портал» – 14.ІІ.2019). Енді бізден озып, Шыңғыс хан туралы.

«Бір кездерде адам өлтіргіштер, басқыншылар батыр атанды... Шыңғыс ханды көкке көтеру, Шыңғыс ханды өзімізге кереметтей қылу – сол инерцияның бір түрі, фактісі деп есептеймін. Себебі, қалай десең де, адам өлтіру – жақсы қасиет емес. Мысалы, бір адам өлтірсең, сені соттайды. Ол – заңдылық. Ал мыңдаған, миллиондаған адамды өлтірген кезде не істеу керек? Оны көкке көтеріп мадақтайтындар табылады... Сондықтан басқыншыларға бас ұру, мықтыларға табыну дегеніміз – құлдық сана...»

Сонымен, Шыңғыс хан да кәкәй болып шықты. Төтенше жаңалық емес. Талайлар талай рет айтқан, үйреншікті сарын. Әйткенмен, дәп осы ретте бір кілтипан бар. Төлен Әбдік кейінгі жылдарда өзінің рухани көсеміне айналған М.Шахановты сөзбе-сөз қайталап отыр. Алайда, өзі «қазақтың нөмір бірінші ақыны» атаған ұстазының лепесін одан әрмен тереңдетіп, түбегейлі дәйектепті. Иә. Атап айтпаса да, анық. Біздің Шыңғыс хан туралы төрт том кітабымыз түп тамырымен жоққа айналды. Мұнысы да қисынды. Оңбаған Шыңғыс хан туралы оңған кітап жазылушы ма еді. Көтеріп алдық. Көндік. Қатарынан екі алыптың ортасына түсіп көр. Қайда барасың.

Төлenniң осы реткі ұзақ толғауында тағы бір терең байлам бар. Түйінін қайталасақ, былай:

«Біз қазір «Абай атам айтқандай» деп жаза береміз. Ал мына орыстар ешқашан «Мой дед Толстой» деп айтпайды. Оларда ондай ұғым жоқ. Олар бұдан кетіп қалған. Ал біз «Абай атам», «Жамбыл атам», «тағы бір аталарым» деп айта береміз... Бұл біздің эволюциялық даму деңгейінің қай жерде жүргенін көрсетеді... Региондық сана деген Еуропада да болған, басқа елдердің бәрінде де болған. Бірақ олар бұдан баяғыда өтіп кеткен...»

Ал дамудың төменгі сатысындағы біз әлі өте алмай жатырмыз. Әлдекімдерді «Ата» дейміз. Ол аз болғандай, аттың етін жейміз. Соншама артта қалған, дүмбілез қауым.

Тағы да мойындау керек. Шыңғыс ханды көтермелеген, «Абай-Ата» туралы зерттеу, «Жамбыл-Ата» туралы эссе жазған мен де осы, «эволюциялық даму» көшінің соңында қалған сорақы қауымның қак ортасында жүр екем. Онсыз да кежір қазақты кейінге тартып.

Сонымен, жазушы, тарихшы ретінде Мағауин біржола мансұқ болды. «Сонда қазақта кім қалды?..» – деп аңырып, ашу шақырған еді, менің Қытайдағы, рулық санадан кетіп қалған, ұлттық санаға жетпеген, аталас туыстарым, «Алаштың маңдайына біткен жұлдызды ақын, тарихта теңдесі болмаған ұлтшыл қайраткер М.Шаханов» туралы әлдебір әшкере мақаламызды оқығаннан соң. Яғни, М.Шаханов жоқ болса, қазақта ешкім де жоқ. Ең соңғы Алыптан айрылып, құрдымға жетіп, біржола сорлағанымыз. Міне, тау қопармасақ та тінтінектеп, шатып-бұтқан, аршындай баспасақ та, қалтақтап күн кешкен біз де жоқ болып шықтық. Бірақ дүниені төңкеріп жатқан, қадамы нық басқалар бар – «...лар» емес, ерекше жаратылған жалғыз дара. Сенің кейіптеуінде теңдесі жоқ «керемет жазушы» Рақымжан Отарбаев. Шынында да керемет екен. Ұлт тұлғасы Абайды келеке қылады. Ұлы Әуезовті шалағай қаламгер деп жариялайды. Абайды қайтесің, Әуезовті қойшы, Ата-Қазақтың мың жылдық рухани қазынасын да құрбанға шалдық; Әбіш Кекілбаев – тұғырда отырған шағында к.тенін жалап жүрген демейік, табанын сүйіп, басқан ізіне тәуап етіп жүрген, сүйеушіл ағасы Әбіш Кекілбаевқа «Батыс әдебиетінің сұрқай көшірмесі» деген үкім шығарды. Қосақ арасында кеткен Мұхтар Мағауин, Тәкен Әлімқұлов, Ғабит Мүсірепов және басқа да құнсыздарды айтпай-ақ қоялық. Жер әлемде жалғыз өзі ғана қалыпты. Қазақ тілін білмей тұрып, «қазақтың көркем сөзі менімен бірге өледі» деп жариялаған, қазақ тарихын танымай тұрып, Шыңғыс хан туралы хикаят жазған, бәрін былғап бітіріп, ақыры Аруақ атып, құсығына қақалып өлген Рақымжан Отарбаев. Сенің М.Шахановқа жалғас Екінші Пірің.

«Талғамға таласпайды» дейді ғой. Оның ішінде риясыз наным, өждан бостандығына. Біз де таласпаймыз.

Бұдан әрі айтар сөз де жоқ.

Бірақ аяқ астынан табылды. Тағы да еріккен интернетті қарап отырғанда. Осы мақаланы жазар алдында. Өзінен өзі орала кетіпті. Сол баяғы Төлен.

Бұрнада «Аласапыран» – анандай, Шыңғыс хан – мынандай еді ғой. Енді, сенесіз бе, бәрі басқаша. Басқаша емес, керісінше. Жоғарғы сарапшы Төлен Әбдік айрықша құрмет тұтатын Жазушы һәм Тарихшы – мына біз болып шығыппыз. Кезекті сұхбат. Бұл жолы «Астана ақшамы» газетінің сайты – 4.Х.2018. Осынау, төтенше ғажайыпқа қараңыз:

«Мемлекеттік сыйлық лайықты адамына берілсе, әрине, әдебиеттің дамуына ықпал етеді. Әрине, бұл атақты алған тұлғалар бар. Марқұм Әбіш Кекілбаев ... Мұхтар Мағауин... Мемлекеттік сыйлыққа автор емес, шығарма ұсынылады. Қаламгер Мемлекеттік сыйлыққа лайықты бірнеше шығарма жазуы мүмкін, бірақ біздің тәжірибемізде бұл сыйлықты екі рет алған адам болған емес. Әйтпесе, Мұхтар Мағауиннің «Аласапыранынан» кейін «Жармағына» да, «Шыңғыс ханына» да беруге болар еді...»

Ай – аспанға шықты. Әуелде күстана, содан соң айыптау, ең ақыры, үшінші мәртеде – кенеусіз көтерме.

Екі емес, үш айырым сөз. Енді осы алғашқы Үшеуді тұтасымен мансұқ қылатын Төртінші сөзді күтеміз.

Бәлду-бәлду, дәлду-дәлду Төлен дос!...

3.ІІІ.2020
Күміс Бұлақ, АҚШ.